

«Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының

әдістемелік кеңес отырысы Хаттама №2

Уақыты: 09 қараша 2022 жыл

Әдістемелік кеңес төраймы: К.Джаксибаева

Хатшы: А.Ахмадияр

Катысқаны -9

Күн тәртібінде:

1. «Тәлімгер мектебі» жұмысының барысы
2. Жас мамандармен жұмыс барысы
3. Мектеп жағына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарын жетілдіру

Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселелер бойынша орталық әдіскері

К.Джаксибаева жас мамандармен жүргізілетін жұмыс барысымен таныстырды.

Жас мамандармен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық берілді.

Жас маманның жұмыс жүйесін төмендегі құжаттарды атап көрсетті:

- жас мамандармен жұмыс жоспары;
- жас маман мектебі туралы ереже;
- жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау туралы бұйрық.

Жас мамандармен жүргізілетін жұмыстың негізгі мақсаты жас мамандарға педагогика мен психология саласында теориялық және практикалық мәселелер бойынша әдістемелік көмек пен жеке кеңестер беруді өткізуі ұйымдастыру. Жас мамандарды педагогикалық ізденістерге үрету, ұстаздық шеберлікке тәрбиелеу, қазіргі заман талаптарына сай жаңа ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қойылатын талаптарды менгерту барысындағы .

негізгі міндеттер:

- оқыту үрдісінде ізгілендіру мен демократияландыруды басшылыққа алу;
- жаңа заман талабына қойылатын талаптарды зерттеу;
- педагогикалық жаңашылдықты үйрену, менгеру және дамыту.

Жас мамандармен жүргізілетін негізгі қызмет түрлерін атап көрсетті:

- МДҰ озат педагогтардың іс-тәжірибесін зерделеу арқылы жаңадан келген жас мамандардың педагогикалық шеберлікті менгеруіне көмек көрсетуді ұйымдастыру;
- тәжірибелі педагогтердің «Шеберлік сабактарын» және ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу;
- педагогикалық кеңестерді, семинарларды, конференцияларды дайындауға және ұйымдастыруға, оқу-әдістемелік бірлестіктердің жұмысына жас мамандарды тарту;
- жас мамандарға арналған шараларға қатысу;
- жас маман жұмысының нәтижесін қадағалау, педагогикалық диагностика, жас мамандардың дидактикалық материалды, электронды оқу материалдарын және т.б. әзірлеуін ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша орталық әдіскері К.Джаксибаева мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарын жетілдіру бойынша төқталып өтті

Экологиялық білім беру саласында мектеп жасына дейінгі балалардың танымдылық күзыреттілігін қалыптастырудың негізгі мақсаты педагогтардың мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесіне даярлығын жетілдіру.

Бұғынгі таңда жаппай экологиялық тәрбие мен білім беру мәселесі мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Экологиялық тәрбие беруді негіздейтін құжаттар мен заңдар қабылдануда. Экологиялық дағдарыстың ұлғаюын мейлінше тежеу, табиғат пен қоршаған органы қорғау тәсілдерін жастарға ұғындыру экологиялық білім беру нәтижесінде ғана іске асырылады.

Осылан орай, орталықтағы экологиялық тәрбие берудің басты мақсаты: бала бойында азаматтық көзқарас пен табиғатқа баулу болып табылады. Қоршаған ортамен қарым-қатынаста тәртіптілік, ұқыптылық ережелерін орындау, табиғатқа қамқорлық таныту қабілетін дамытуға негізделеді. Антуан де Сент-Экзюпери айтқан мынадай нақты ереже бар: «Таңертең ерте тұрыш, жуынып өзінді тәртіпке келтірсөң, онда тез арада өзің тұратын планетанды да тәртіпке келтір».

Экологиялық тәрбие дегеніміз не?

Экология – кешенді ғылым. Осылан байланысты мектепке дейінгі үйімның балаларына түсінікті әрі қызықты түрде экологиялық білім беруде, экологиялық тәрбиенің мазмұнын іріктеуде мына жағдайларды ескерген жөн: балаларға экологиялық білім берудің мақсаты – жаңа экологиялық ойлау қабілеті бар жаңа типті адамның қалыптасуы. Ол қоршаған ортаға қарасты өзінің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, табиғатпен үйлесімдікте өмір сүре алады

Күзыреттілік дегеніміз не?

Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу, дамыту, білім беру деңгейі; жеке тұлға ретінде қалыптасуы, білім нәтижесінің жаңа типі болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың күзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған болуы керек.

Танымдық күзыреттілік төмендегідей мүмкіндіктер береді:

- Қоршаған ортаға қызығушылық білдірге;
- Алға қойылған міндеттерге барабар қызмет тәсілдерін таңдауға;
- Алға қойылған мақсатқа жетуге;
- Экологиялық білімді менгертуге;
- Сұрақтар қоюға, эксперимент жасауға, себеп-салдарлық байланыстар орнатуға;
- Құрастырылымдық іс-әрекеттегі ойды жүзеге асыруға;
- Заттарды олардың жалпы түсінігі негізінде біріктіругежәне оларға ауызша анықтамалар беруге мүмкіндік береді.

Әдістемелік кеңес шешімі:

1. Жас мамандармен жұмыс барысы жолға қойылсын.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарын жетілдіру барысында әрбір топ тәрбиешілері жоспарға сай жұмыстарды жүргізуі жолға қойылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Джаксибаева

А.Ахмадияр

